

**"Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы" республикалық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 наурыздағы N 1051 Жарлығы Елдің агроөнеркәсіп кешенін ғылыми қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру мақсатында қаулы етемін:

1. "Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы" республикалық мемлекеттік мекемесі оған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. (Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен).

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықты іске асыру жөнінде қажетті шараларды қолдансын. N010247

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*